ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1265421 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (1 У, 4565490) Ұңғымаларды салу және жөндеу саласындағы супервайзерлік қызмет көрсетулер

Тапсырыс беруші: "Ембімұнайгаз" АҚ
Ұйымдастырушы: "Embimunaigas" АҚ

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	1 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Ұңғымаларды салу және жөндеу саласындағы супервайзерлік қызмет көрсетулер, Ұңғымаларды салу және жөндеу саласында супервайзерлік қызметтер
Қосымша сипаттама	Ұңғымалардың құрылысын салу кезінде супервайзерлік қызметтер көрсету.
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, Атырауская область
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

ұңғымаларды салу кезіндегі супервайзерлік қызметтерді көрсетуге арналған

1. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ТАЛАП ЕТІЛЕТІН ТЕХНИКАЛЫҚ, САПАЛЫҚ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ СИПАТТАМАЛАРЫ

1.1. Жалпы ережелер (мақсаттары мен міндеттері)

1.1.1. Осы техникалық ерекшелік Қазақстан Республикасы Атырау облысындағы «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында ұңғымаларды салу кезінде супервайзерлік қызметтер көрсету мақсатында әзірленді.

1.1.2. Ұңғымаларды салу кезіндегі супервайзерлік қызметтер ұңғымаларды салу барысына техникалық және технологиялық бақылауды, орындалатын жұмыстардың құрамы, көлемі мен сапасының мердігерлік шарттардың, жобалық және технологиялық құжаттаманың, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына, оның ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

1.1.3. Қызметтер көрсету кезінде Орындаушы белгіленген тәртіппен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында ұңғымаларды салу, күрделі жөндеу және реконструкциялау кезіндегі супервайзинг регламентінің ұңғымаларды салуға қатысты және осы техникалық ерекшеліктің мәніне қолданылатын бөлігінің, сондай-ақ Орындаушыға белгіленген тәртіппен берілген Тапсырыс берушінің технологиялық регламенттері мен өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын басшылыққа алуға міндетті.

1.1.4. Қызметтер көрсету кезінде Орындаушы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 бұйрығымен бекітілген Мұнай және газ өнеркәсібінің қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының, сондай-ақ ұңғымаларды салуға қолданылатын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға міндетті.

1.2. Ұңғымаларды салу кезіндегі супервайзерлік қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін сипаттамалары

1.2.1. Ұңғымаларды салу кезінде бұрғылау және сервистік Мердігерлердің жобалық шешімдерді орындауын бақылау шеңберінде Орындаушы:

1) ұңғымаларды салу басталғанға дейін Мердігердің дайындық жұмыстарын және қорытынды жұмыстарды орындауын бақылайды;

2) ұңғымаларды салу сапасына тәулік бойы бақылау жүргізеді;

3) ұңғыманы салу басталғанға дейін бұрғылау алаңында мыналардың болуын тексереді: техникалық жоба; геологиялық-техникалық наряд (ГТН); бағдарламалар мен жұмыс жоспарлары; бұрғылау жабдығына техникалық құжаттама; бұрғылау қондырғысы мен атқылауға қарсы жабдықты (АҚЖ) монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін жүргізілген сынақтар (опрестеу) актілері; бұрғылау жабдығын, коммуникацияларды, электр желілерін және жерге тұйықтау құрылғыларын монтаждау схемалары; бекітілген бағдарламаларға сәйкес жабдық пен химиялық реагенттер;

4) әр ауысым сайын Мердігердің атқылауға қарсы және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауын, сондай-ақ бұрғылау және өнімді горизонттарды ашу кезінде авариядан қарсы тұрақтылықты қамтамасыз етуін бақылайды;

5) техникалық жобаға, ГТН-ға, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларына сәйкес бұрғылау және сервистік Мердігерлердің ұңғымаларды салудың технологиялық процесін және онымен байланысты жұмыстарды орындауын тәулік сайын бақылайды;

6) бұрғылау және сервистік Мердігерлер персоналының жұмыс жоспарларымен, техникалық жобамен, бағдарламалармен, Тапсырыс берушінің регламенттерімен және өзге де қолданылатын техникалық құжаттармен танысуын бақылайды;

7) ауысымдық тапсырмалардың техникалық жобаға, бағдарламаларға және жұмыс жоспарларына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

8) ұңғымаларды салу барысында ауысымдық тапсырманың орындалуын бақылайды;

9) Тапсырыс берушіге, бұрғылау және сервистік Мердігерлерге ұңғымаларды салу сапасын арттыру, технологиялық операцияларды жетілдіру, бұрғылау тиімділігін арттыру және ӨЕУ-ді төмендету жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындайды және ұсынады;

10) бұрғылау және сервистік Мердігерлердің өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларының талаптарына сәйкес журналдар мен өзге де қажетті құжаттаманы жүргізуін бақылайды;

11) ауытқулар анықталған кезде жұмыстарды техникалық жобаға, бағдарламаларға және жұмыс жоспарларына сәйкестендіру бойынша өз өкілеттігі шегінде жедел шаралар қабылдайды;

12) бұрғылау және цемент ерітінділері параметрлерін зерттеу мен өлшеуді бақылайды, алынған нәтижелерді талдайды және олардың бекітілген бағдарламалар мен жобалық талаптарға сәйкестігін бақылайды, қажет болған жағдайда: тығыздық; тұтқырлық және шекті статикалық ығысу кернеуі; сүзгілену; су, мұнай және қатты бөлшектер мөлшері; құм және бұрғыланған шлам мөлшері; метилен көгі көрсеткіші; pH; сілті, әк, хлорид-иондар, кальций катиондары және (немесе) жалпы қаттылық және өзге де бақыланатын көрсеткіштерді қоса алғанда.

1.2.2. Бұрғылау жабдығының жай-күйі мен жұмысқа қабілеттілігін, сондай-ақ бұрғылау алаңындағы материалдарды сақтау жағдайларын техникалық бақылау кезінде Орындаушы:

1) әр ауысым сайын штуцерлік манифольд ысырмалары мен реттелетін штуцерлердің, дроссельді қашықтан басқару пультінің күйін бақылайды, сондай-ақ бұрғылаушының АҚЖ басқару пультінде тұншықтыру және дроссельдеу желілері ысырмаларының, превенторлардың күйін тексереді, аккумуляторлардың заряд қысымын, ауа қысымын, пилоттық қысымды және плашкалы әрі әмбебап превенторларды басқару қысымын, телескопиялық компенсатор тығыздағыштарын басқару қысымын, жарық және дыбыс дабылын бақылайды;

2) әр ауысым сайын бұрғылау алаңындағы материалдардың жай-күйі мен сақтау жағдайларын бақылайды;

3) жұмыс жоспарына сәйкес ұңғымаларды салу процесін қажетті материалдармен және жабдықпен уақтылы қамтамасыз етуді, сондай-ақ бұрғылау жабдығының техникалық жай-күйін бақылайды;

4) таль арқанын және бұрғылау тізбегі элементтерін пайдалану мерзімі бойынша есепке алуды бақылайды;

5) бұрғылау алаңында бұрғылау жабдығы мен материалдарды тиісінше сақтамау фактілерін анықтайды және тіркейді, сақтау қағидалары мен шарттарының бұзылуы анықталған жағдайда шаралар қабылдайды;

6) материалдарды, химиялық реагенттерді, қосалқы бөлшектер мен жабдықты есепке алу мен жұмсауды бақылайды, сондай-ақ бұрғылау жабдығы мен материалдарды пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды дайындайды;

7) жабдықты жоспарлы-алдын ала жөндеу кестелерінің орындалуын бақылайды.

1.2.3. Бұрғылау алаңында Мердігерлердің жұмыстарын үйлестіру және бақылау кезінде Орындаушы:

1) өндірістік (ауысымдық) тапсырманы орындау және жоспарлау бойынша бұрғылау және сервистік Мердігерлер персоналымен өндірістік кеңестерді ұйымдастырады және өткізеді;

2) ұңғымаларды салудың негізгі кезеңдерін тікелей бақылайды;

3) бұрғылау құралын тиісінше орналастыру мен жинауды бақылайды;

4) бұрғылау процесінде бұрғылау ерітіндісі параметрлерінің сақталуын және бұрғылау ерітіндісін тазалау жүйесінің жұмысын бақылайды;

5) ұңғымаларды геофизикалық зерттеулерге және қабат сынағыштарын түсіруге дайындау процесін бақылайды;

6) керн іріктегіш снарядтардың барлық түрлерімен белгіленген режимде керн алу процесін бақылайды;

7) ұңғыманы және жабдықты шегендеу құбырларын түсіруге дайындауды, шегендеу құбырларын орналастыру мен шаблондауды, сондай-ақ шегендеу құбырларын ұңғымаға түсіру процесін бақылайды;

8) шегендеу тізбектерін цементтеу, цемент көпірлерін орнату және тізбектерді герметикалығына сынау процесін бақылайды;

9) пайдалану ұңғымаларын игеру және бағалау, іздеу-барлау ұңғымаларын сынау жөніндегі жұмыстардың орындалуын бақылайды;

10) Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы шарттық міндеттемелерге сәйкес ұңғымаларды салу процесін бақылайды;

11) бұрғылау және сервистік Мердігерлерге бұрғылау және (немесе) цемент ерітіндісіне және (немесе) шламға зертханалық зерттеулер жүргізу туралы жазбаша нұсқамалар береді (қажет болған жағдайда);

12) Тапсырыс беруші берген өкілеттіктер шегінде бекітілген жобалық шешімдерден және жұмыс жоспарынан ауытқуды көздемейтін жедел шешімдер мен ауысымдық тапсырмаларды келіседі;

13) техникалық жоба, бағдарламалар, ГТН немесе жұмыс жоспарлары талаптарының бұзылуы анықталған кезде Тапсырыс берушінің Бұрғылау және ҰКЖ қызметімен міндетті түрде келісе отырып, ұңғыманы салу жұмыстарын тоқтата тұруға бастамашылық етеді;

14) бұрғылау жабдығын, бұрғылау құралын пайдалану технологиясының бұзылуы немесе жабдықтың істен шығу қаупі анықталған кезде Тапсырыс берушінің Бұрғылау және ҰКЖ қызметімен міндетті түрде келісе отырып, тиісті жұмыстарды тоқтата тұруға бастамашылық етеді;

15) Тапсырыс беруші берген өкілеттіктер шегінде тиісті бастапқы құжаттаманы келісу және (немесе) қол қою арқылы нақты орындалған жұмыс көлемдерін, көрсетілген қызметтерді, пайдаланылған материалдарды, сондай-ақ бұрғылау және сервистік Мердігерлердің жұмыстарды орындаған нақты уақытын және бос тұрып қалу уақытын тексереді және растайды.

1.2.4. Жүргізілетін жұмыстардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бақылау шеңберінде Орындаушы:

1) бұрғылау Мердігерінің бұрғылау және сервистік Мердігерлер персоналымен қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша нұсқамалар (жоспарлы және жоспардан тыс) өткізуін бақылайды;

2) бұрғылау Мердігерінің бұрғылау және сервистік Мердігерлер персоналымен «АТҚЫЛАУ» командасы және ТЖ, өрттер, ГМСК кезінде өзге де іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығу сабақтарын өткізуін бақылайды;

3) бұрғылау және сервистік Мердігерлер жабдығының сынақ актілері мен жұмысқа қабілеттілігінің, рұқсат беру құжаттамасының, наряд-рұқсаттардың және орындалатын жұмысқа сәйкес оқытудың болуын, персоналдың білімін тексеру кестесінің сақталуын тексереді;

4) АҚЖ-ның жай-күйін, БӨАжА және сақтандыру құрылғыларының жұмысын тексереді;

5) Тапсырыс беруші мен Мердігерлерге ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы анықталған қауіптер, тәуекелдер және экологиялық аспектілер туралы ақпаратты жеткізеді;

6) персоналдың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп, авария, өрт, ГМСК немесе экологиялық залал туындау қаупі анықталған кезде қауіпті жұмыстарды дереу тоқтатуды талап етеді және Тапсырыс берушінің Бұрғылау және ҰКЖ қызметіне дереу хабарлайды;

1.2.5. Авариялық жағдайлар туындаған кезде Орындаушы Тапсырыс беруші өкілінің өкілеттігі шегінде Мердігерлердің іс-қимылдарын бақылайды және үйлестіреді, оның ішінде:

1) авариялық жағдай туындаған кезде Тапсырыс беруші айқындаған өкілеттіктер шегінде бұрғылау және сервистік Мердігерлердің өзара іс-қимылын үйлестіреді;

2) Мердігердің авариялар мен қиындықтарға жол бермеу жөніндегі іс-шараларды орындау процесін бақылайды;

3) бұрғылау және сервистік Мердігерлер персоналының авариялардың жою жоспарында (АЖЖ) көзделген іс-шаралардың болуын, өзектілігін және орындалуын бақылайды;

4) авариялық жағдайда АҚЖ қолданылуын, ГМСК-ны тұншықтыру (жою) және ұңғыма сағасын герметизациялау жұмыстарын орындауды бақылайды, сондай-ақ қажет болған жағдайда ГМСК, авариялар мен қиындықтарды жоюға қатысады;

5) авариялардың себептерін талдайды, олардың алдын алу жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындайды, сондай-ақ Орындаушының өкілеттігі шегінде ГМСК, қиындықтар мен авариялардың себептерін тергеп-тексеруге қатысады;

1.2.6. Тапсырыс берушіні ұңғымаларды салу барысы туралы хабардар ету және жүргізілетін бұрғылау жұмыстарын талдау:

1) Тапсырыс берушімен тұрақты жедел байланысты және ұңғымаларды салу барысы туралы ақпараттың уақтылы берілуін қамтамасыз ету;

2) авариялар, оқыс оқиғалар, қиындықтар, ГМСК, ӨЕУ, бос тұрып қалулар, жанжалды жағдайлар, жұмыстардың тоқтатылуы, сондай-ақ ұңғыманы салудың қауіпсіздігіне, сапасына, мерзімдері мен құнына әсер етуі мүмкін өзге де мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету;

3) ұңғыманы салу технологиясының анықталған бұзушылықтары, техникалық жобадан, ГТН-нан, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларынан ауытқулар, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарының бұзылуы туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету;

4) Тапсырыс берушіге тәуліктік рапорт пен аралық есепті жасау және уақтылы ұсыну, сондай-ақ Тапсырыс беруші пайдаланатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуге (оның ішінде Peloton WellView немесе қызметтер көрсету кезеңінде Тапсырыс беруші айқындаған өзге бағдарламалық қамтамасыз етуге) Тапсырыс беруші белгілеген талаптар мен регламенттерге сәйкес өндірістік деректерді енгізу. Көрсетілген бағдарламалық қамтамасыз етуге қолжетімділікті қызметтер көрсету кезеңінде Тапсырыс беруші қамтамасыз етеді;

5) Тапсырыс беруші пайдаланатын және (немесе) айқындаған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып цифрлық есептілікті қалыптастыру, талдау және тексеру техникалық есептеулерін жүргізу;

6) Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелері мен цифрлық платформаларына енгізілетін өндірістік және технологиялық деректердің толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын, сондай-ақ олардың бастапқы өндірістік құжаттамаға сәйкестігін қамтамасыз ету;

7) ұңғыманың ағымдағы жай-күйін, бекітілген жоспар-кестені және көзделген технологиялық операцияларды ескере отырып, Тапсырыс беруші айқындайтын 5 тәулікке дейінгі кезеңге бұрғылау алаңындағы алдағы жұмыстарды егжей-тегжейлі сипаттап жоспарлауды қамтамасыз ету;

8) ұңғыманы салудың ағымдағы жай-күйін, жоспар-кестенің нақты орындалуын талдау және Тапсырыс берушіге белгіленген құрылыс мерзімдерінің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар беру;

9) ӨЕУ мен бос тұрып қалуларды олардың ұзақтығын, туындау себептерін, жауапты тарапты, қабылданған шараларды және ұңғыманы салу мерзімдеріне әсерін көрсете отырып талдау және есепке алу, сондай-ақ ӨЕУ-ді қысқарту және олардың қайталануын болдырмау жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу;

10) бұрғылау алаңындағы материалдық-техникалық ресурстардың қозғалысы мен пайдаланылуын ұңғыманы салуға қатысты бөлігінде бақылау;

11) ұңғыманы салудың негізгі кезеңдері, оның ішінде шегендеу тізбектерін түсіру және цементтеу аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушімен келісілген нысан бойынша ұңғыманы салу кезеңі туралы есепті Тапсырыс берушіге ұсыну, есеп мыналарды қамтиды:

- орындалған кезеңнің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат;
- анықталған бұзушылықтар және жобалық шешімдерден ауытқулар;
- бұрғылау/бекітудің техникалық-экономикалық көрсеткіштері (ТЭК) кестесі;
- күнтізбелік уақыт балансы;
- ӨЕУ мен бос тұрып қалуларды талдау;
- қашаулар жұмысының және негізгі технологиялық операциялардың нәтижелері;
- цементтеу және АКЦ нәтижелері — ұңғыманы бекітудің тиісті кезеңі үшін;
- құрылыстың кейінгі кезеңдері бойынша қорытындылар мен ұсынымдар;
- анықталған ауытқулардың қайталануын болдырмау және құрылыстың кейінгі кезеңдерінің тиімділігін арттыру бойынша қорытындылар, алынған сабақтар және ұсынымдар;

12) әрбір ұңғыманың құрылысы аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге құрылыстың нақты нәтижелерін, мерзімдерін, ӨЕУ-ді, қиындықтар мен ауытқуларды, негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерді талдауды, сондай-ақ кейінгі ұңғымаларды салу кезінде сапаны арттыру, мерзімдерді қысқарту және шығындарды оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарды қамтитын ұңғыманы салу бойынша қорытынды есепті ұсыну;

13) Тапсырыс берушіге салынып жатқан және аяқталған ұңғымалар бойынша құрылыс жоспарлы және нақты мерзімдерін, ӨЕУ мен бос тұрып қалуларды, қиындықтар мен авариялардың, бұрғылау тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін, анықталған бұзушылықтар мен ауытқуларды талдауды, сондай-ақ тиімділікті арттыру және ұңғымаларды салу мерзімдерін қысқарту жөніндегі ұсыныстарды қамтитын ай сайынғы талдамалық есепті ұсыну.

1.2.7.

Қызметтер көрсету барысында:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы

заңнамасының, оның ішінде жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы

заңнаманың, еңбек және экологиялық заңнаманың, өнеркәсіптік және өрт

қауіпсіздігі саласындағы талаптардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерге

қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау;

2) қызметтер көрсетудің барлық кезеңдерінде ӨҚ, ЕҚ

және ҚОҚ бойынша қолданылатын талаптардың орындалуын, оның ішінде жабдық пен

персоналдың дайындығын бақылауды, тәуекелдерді талдау мен бағалауды, ӨҚ, ЕҚ

және ҚОҚ бойынша кеңестер мен жаттығуларға қатысуды, сондай-ақ төтенше

жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға дайындықты бақылауды қамтамасыз ету;

3) қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік

және өрт қауіпсіздігінің қолданылатын талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

4) қызметтер көрсету кезінде немесе соған

байланысты орын алған барлық оқиғалар, оның ішінде оқыс оқиғалар, авариялар,

жазатайым оқиғалар, ГМСК және өзге де штаттан тыс жағдайлар туралы Тапсырыс

берушіні дереу хабардар ету. Оқиға анықталған (ол туралы ақпарат алынған)

сәттен бастап Тапсырыс берушінің Бұрғылау және ҰЖЖ қызметіне алғашқы жедел

хабарлама дереу, бірақ 30 минуттан кешіктірілмей берілуге тиіс. Жедел хабарлау үшін ақпараттың уақтылы жеткізілуін қамтамасыз ететін қолжетімді байланыс құралдары, оның ішінде телефон байланысы, мобильді мессенджерлер (WhatsApp және Тапсырыс беруші пайдаланатын өзге де корпоративтік/топтық чаттар) пайдаланылады. Жедел хабарламаның берілуі Орындаушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы техникалық ерекшелікте және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен кейіннен тиісті ақпаратты ұсыну және тиісті құжаттарды ресімдеу міндетінен босатпайды. Орындаушы сондай-ақ көрсетілген оқиғаларды тергеп-тексеруге өзіне берілген өкілеттіктер шегінде қатысуға міндетті;

5) Тапсырыс берушіге ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуы және операциялық тәуекелдерді төмендету шаралары туралы есептер жіберу;

6) техникалық жобада және жұмыс жоспарларында көзделген көлемде бұрғылау алаңын дайындау жұмыстарын және ұңғыманы салумен тікелей байланысты өзге де жұмыстарды орындау кезінде қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттардың сақталуын бақылау.

1.2.8. Орындаушы мыналар үшін жауапты болады:

1) Шартта және осы техникалық ерекшелікте көзделген міндеттемелерді Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес тиісінше орындамағаны және (немесе)

орындамағаны үшін;

2) Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілік шегінде қызметтер көрсету кезінде тартылған персоналдың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін;

3) Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Орындаушының

кінәсінен Тапсырыс берушіге материалдық залал келтіргені үшін;

4) Тапсырыс берушінің келісімінсіз қызметтік,

коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын құжаттар мен

мәліметтерді бергені не жария еткені үшін.

1.2.9. Жұмыстарды бастаудың болжамды мерзімдерін, бір мезгілде іске қосылған бұрғылау қондырғыларының санын және олардың орын ауыстыру кестесін Тапсырыс беруші ұңғымаларды салудың жоспар-кестесіне сәйкес айқындайды.

1.2.10. «Embімұнайгаз» АҚ кен орындарында ұңғымаларды салу кезіндегі супервайзерлік

қызметтерді көрсету үшін Орындаушы мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

1) Әрбір жұмыс істеп тұрған бұрғылау қондырғысында бұрғылау жөніндегі инженердің

(супервайзердің) тәулік бойы болуын қамтамасыз ету: ұзақтығы 12 сағаттан

тұратын күндізгі ауысымда 1 супервайзер және түнгі ауысымда 1 супервайзер. Бір мезгілде жұмыс істейтін бұрғылау қондырғыларының болжамды ең жоғары саны 5 (бес) бірлікті құрайды. Супервайзерлік сүйемелдеуге жататын бұрғылау қондырғыларының нақты санын Тапсырыс беруші өндірістік қажеттілікке және ұңғымаларды салу бағдарламасына сәйкес айқындайды.

Персоналдың вахталық жұмыс кестесі Тапсырыс берушімен келісім бойынша 14/14 немесе 28/28 күнді құрайды. Орындаушы вахтааралық демалысты, еңбек демалыстарын, уақытша еңбекке жарамсыздықты және персоналды ауыстыру қажеттілігін ескере отырып, көрсетілген жұмыс орындарында қызмет көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін персоналдың қажетті тізімдік санын дербес қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметтердің жоспарлы көлемі мен құны Шарттың №16 «Көрсетілетін қызметтердің көлемі мен құны» қосымшасына сәйкес айқындалады.

2) Атырау қаласында супервайзерлердің жұмысын үйлестіру, оларды жұмылдыру мен демобилизациялауды ұйымдастыру және Тапсырыс берушімен өзара іс-қимыл жасау үшін екі өңірлік үйлестірушіні. Орындаушы байланыс құралдары арқылы кемінде бір өңірлік үйлестірушінің тәулік бойы қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

1.2.11. Қызметтер көрсету үшін Орындаушы мынадай құзыреттерге ие болуға тиіс:

1) бұрғылау жабдығының жұмысы туралы деректерді талдау және жинақтау, бұрғылау жабдығының жұмысқа қабілеттілігін және материалдардың сапасын бағалау, сондай-ақ бұрғылау жабдығы мен материалдарды сақтаудың дұрыстығын бағалау;

2) ұңғымаларды салу кезінде техникалық жобаны, ГТН-ды, бағдарламаларды, жұмыс жоспарын, Тапсырыс берушінің регламенттерін және өзге де нормативтік-техникалық құжаттарды оқу және түсіну;

3) техникалық жобаға, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларына сәйкес ауысымдық тапсырмаларды қалыптастыру; Тапсырыс беруші белгілеген супервайзерлік есептілікті жасау және жүргізу; бұрғылау және сервистік Мердігерлердің бұрғылау, геологиялық және нормативтік әрі техникалық құжаттарда көзделген өзге де журналдарды жүргізуін бақылау;

4) ұңғымаларды салу барысын түзету бөлігінде қажетті жедел шешімдер қабылдау және оларды Тапсырыс берушімен келісу, ұңғыманы салу процесінде жобалық шешімдерден ауытқудың ықтимал тәуекелдерін анықтау және бағалау, бұл туралы Тапсырыс берушіні және (немесе) Мердігерді хабардар ету;

5) объектіде бұрғылау Мердігері, қосалқы мердігер ұйымдар және сервистік қызметтер (бекіту, бұрғылау ерітінділері, геонавигация және т.б.) өкілдерінің өзара іс-қимылын үйлестіру және жоспарлау, сондай-ақ жұмыстарды оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

6) АЖЖ-ға сәйкес өрттер, ГМСК және өзге де авариялық жағдайлар кезіндегі практикалық іс-қимылдар бойынша бұрғылау Мердігерінің персоналға нұсқамалар мен оқу-жаттығу сабақтарын өткізуін бақылау;

7) өкілеттіктер шегінде қызметкерлердің еңбек және тұрмыс жағдайларын, сондай-ақ бұрғылау Мердігері жабдығының жай-күйін Тапсырыс берушінің және ӨҚ қағидаларының талаптарына сәйкестендіру бойынша жазбаша нұсқамаларды уақтылы ресімдеу және беру;

8) осы техникалық ерекшелікте белгіленген тәртіппен ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ талаптары бұзылған кезде өндірістік процесті тоқтата тұруға бастамашылық ету, сондай-ақ ӨҚ қағидалары мен Тапсырыс беруші регламенттері талаптарының жүйелі бұзушылықтарын жою жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

9) персоналдың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп, авариялар, ТЖ, экологиялық және өзге де залал туындау тәуекелін бағалау;

10) бұрғылау және сервистік Мердігерлер персоналымен кәсіби өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

11) мердігер ұйымдармен күнделікті өндірістік кеңестер өткізу, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Мердігерлер бастамашылық ететін кеңестерге қатысу;

12) өндірістік кеңестер барысында және ұңғымаларды салу мониторингі кезінде туындайтын практикалық міндеттерді уақтылы тұжырымдау және шешу;

13) орындалған жұмыстардың және (немесе) көрсетілген қызметтердің сапасы мен көлемін, сондай-ақ бұрғылау және сервистік Мердігерлер шешімдері мен бастамаларының техникалық негізділігін объективті бағалау;

14) шұғыл түзету әрекеттерін талап ететін басым ақпаратты айқындау;

15) ұңғыманы салу процесінің жобалық шешімдерін жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.

16) бұрғылау жұмыстарын жүргізу режимдерін, бұрғылау және күштік жабдықтың, автоматты механизмдер мен сақтандыру құрылғыларының құрылымы мен техникалық сипаттамаларын; ауытқытқыштары бар ТБҚ (ВЗД), роторлы-басқарылатын жүйелердің (РБЖ), MWD/LWD аспаптарының құрылымын; ТҚЖ (КНБК), ТБҚ және РБЖ түсіру және бағдарлау әдістерін; көлбеу-бағытталған және көлденең бұрғылау кезіндегі модельдеу негіздерін; бұрғылау және шегендеу құбырларының, ТҚЖ, ТБҚ, РБЖ элементтерінің, тележүйелер мен геонавигациялық жабдықтың типтік өлшемдері мен техникалық сипаттамаларын; аулау құралдарының мақсаты мен қолданылуын; шегендеу, бұрғылау және сорғы-компрессорлық құбырлардың бұранда түрлерін, өлшемдерін, таңбалануын және беріктік сипаттамаларын; ұңғымаларды шегендеу құбырларын түсіруге және цементтеуге дайындау талаптарын білу.

1.2.12. Тапсырыс беруші супервайзер осы техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмеген, міндеттерін тиісінше орындамаған, Тапсырыс берушінің талаптарын жүйелі түрде бұзған немесе біліктілігінің жеткіліксіздігі анықталған жағдайда оны ауыстыруды талап етуге құқылы. Орындаушы қызметтер көрсетудің үздіксіздігін бұзбай, мұндай маманды Тапсырыс берушімен алдын ала келісілген білікті қызметкермен ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті.

3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында ұңғымаларды салу, күрделі жөндеу және реконструкциялау кезінде супервайзинг жүргізу регламенті

Қол қойған	Ергалиев Равиль Лукпанович
Қол қойылған күні	23.10.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1265421
способом Открытый тендер

Лот № 1 (1 У, 4565490) Услуги супервайзерские в области строительства и ремонта скважин

Заказчик: Акционерное общество "Эмбамунайгаз"

Организатор: Акционерное общество "Эмбамунайгаз"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	1 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги супервайзерские в области строительства и ремонта скважин, Услуги супервайзерские в области строительства и ремонта скважин
Дополнительная характеристика	Услуги супервайзерства при строительстве скважин
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Атырауская область, Атырауская область
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2029 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

на оказание услуг по супервайзерству при строительстве скважин

1. ОПИСАНИЕ И ТРЕБУЕМЫЕ ТЕХНИЧЕСКИЕ, КАЧЕСТВЕННЫЕ И ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ УСЛУГ

1.1. Общие положения (цели и задачи)

1.1.1. Настоящая техническая спецификация разработана в целях оказания услуг по супервайзерству при строительстве скважин на месторождениях АО «Эмбамунайгаз» в Атырауской области Республики Казахстан.

1.1.2. Услуги по супервайзерству при строительстве скважин осуществляются в целях обеспечения

технического и технологического контроля за ходом строительства скважин,

соответствием состава, объемов и качества выполняемых работ требованиям

